# ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ «КҮМІС УНИВЕРСИТЕТІ» ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы
2025 ж.

# АЛҒЫ СӨЗ

| | |
|---|---|
| **1.ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛҒАН** | Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімі |
| **2.БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН** | ҚР МАМ «Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесімен «28» 10 2025 жылғы № 3 хаттама |
| **3.ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ** | №1 редакция. |
| **ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ** | 3 жыл |

## Мазмұны


1.Қолданылу саласы........................................................................................ 4
2.Нормативтік сілтемелер.............................................................................. 4
3.Жалпы ережелер............................................................................................ 5
4.Мақсат, негізгі міндеттер…………………………………………….............. 5
5.Іске асырудың негізгі шарттары................................................................ 5-6
6.Жобаны басқару және іске асыруды бақылау ........................................... 6-7
7.Қорытынды ................................................................................................. 7
Қосымша 1………………………………………………………………........... 8
Келісу парағы……………………………………………………………….... 9
Танысу парағы……………………………………..…………………………… 10

«Бекітілді»
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясының»
Ғылыми кеңесінің шешімімен
28 ___10___ 2025 ж.
№ ___3___ хаттама

**«Күміс университет» жобасы туралы**
**ЕРЕЖЕ**

## 1. Қолданылу саласы

1. Осы Ереже ҚР МАМ-не қарасты РММ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының» біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімінің базасында егде жастағы адамдарға арналған курстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды (бұдан әрі – Академия).
2. Осы Ереженің талаптары Академияның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

3. Осы Ереже Академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджмент жүйесіне жүргізілетін тексерулер барысында сертификаттау органдарының аудиторларынан (олардың талабы бойынша) басқа тұлғаларға ұсынылмайды.

## 2. Нормативтік сілтемелер

4. «Күміс университет» жобасы туралы Ереже келесі құжаттардың талаптары мен ұсынымдарына сәйкес әзірленген:
1) 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (03.05.2022 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен).
2) 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Сапалы білім. Білімді ұлт» ұлттық жобасын бекіту туралы қаулысы.
3) 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы.

14. «Күміс университетінің» тыңдаушысы өз қалауы бойынша немесе денсаулық жағдайына байланысты оқудан шығуға құқылы.

15. «Күміс университетіндегі» оқу қызметтері ақысыз негізде жүзеге асырылады.
16. «Күміс университетінің» жұмысына Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқытушылары, сондай-ақ келісім бойынша серіктестер, Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер ұйымдары мен мекемелері тартылады.
17. Сабақтардың өткізілу орны – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқу корпустары, сондай-ақ Академия серіктестерінің базалары.
18. Сабақтар біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімі бекіткен кесте бойынша жүзеге асырылады. Бір сабақтың ұзақтығы 1–2 академиялық сағатты құрайды.
19. Сабақ кестесі Академия кафедралары мен біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімі маманымен жасалып, оқу және оқу-әдістемелік проректормен бекітіледі.
20. Сабақтардың бағдарламалары Академия кафедраларымен жасалып, оқу және оқу-әдістемелік проректормен бекітіледі.
21. Топтағы тыңдаушылар саны 5–10 адамнан тұрады.
22. Сабақтарды өткізу формалары: практикалық сабақтар, экскурсиялар, тренингтер, практикумдар, сондай-ақ қашықтан оқыту технологиялары арқылы жүзеге асырылатын байланыссыз (қашықтан) сағаттар.
23. «Күміс университетіндегі» оқу жылы 1 қыркүйектен 1 маусымға дейін жалғасады.
24. «Күміс университеті» курстарын сәтті аяқтағаннан кейін тыңдаушыға тиісті бағыт бойынша оқу курсын өткендігі туралы сертификат беріледі.

## 6. Жобаны басқару және іске асыруды бақылау

25. "Күміс университеті" жобасына жалпы басшылықты Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының басшылығымен жауапты құрылымдық бөлімше — біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімі арқылы жүзеге асырады.
26. Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімі:
- жоба қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

## 3. Жалпы ережелер

5. «Күміс университет», Үшінші жастағы университет – қазіргі өмірге бейімделуді жеңілдетуге, өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі жетілдіруге қолайлы жағдай жасауға бағытталған халықаралық қозғалыс.
6. «Күміс университет» өз жұмысын Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының серіктес ұйымдарымен – Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер мекемелерімен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады. Серіктестер әдістемелік көмек, сондай-ақ «Күміс университет» қызметін жүзеге асыруға қажетті материалдық және материалдық емес ресурстар ұсына алады.

## 4. Мақсаты мен негізгі міндеттері

7. «Күміс университет» жобасының мақсаты – 60 жастан асқан адамдарға арналған жалпы дамыту және шығармашылық бағдарламалар ұсыну.
8. «Күміс университет» жобасының негізгі міндеттері:
1) тыңдаушылардың жеке әлеуетін дамыту және олардың қоғам өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
2) өмір сүру сапасын және әлеуметтік белсенділікті арттыру;
3) қарым-қатынас ортасын қалыптастыру және дамыту;
4) салауатты өмір салтын насихаттау, дене белсенділігін арттыру;
5) азаматтардың интеллектуалдық әлеуетін дамыту, денсаулығын нығайту;
6) зейнет жасындағы адамдарды қолдау саласында тиімді өзара іс-қимыл ұйымдастыру.

## 5. Іске асырудың негізгі шарттары

9. «Күміс университетке» 60 жастан асқан қарт және/немесе зейнеткер жастағы адамдар қабылданады.
10. Қабылдаудың негізі – курстардың атауы көрсетілген жеке жазбаша өтініш (Қосымша 1).
11. «Күміс университетінің» тыңдаушысы Қазақстан Республикасының кез келген азаматы бола алады.
12. «Күміс университетіне» қабылдау Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.
13. Тыңдаушылардың сабаққа қатысуы «Күміс университетіндегі» қатысу журналына тіркеледі.

- тыңдаушыларды есепке алуды және сабаққа қатысуды бақылауды қамтамасыз етеді;
- кафедралармен және серіктес ұйымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастырады.

27. Бағдарламалардың іске асырылу сапасын бақылау сабаққа қатысуды талдау, тыңдаушыларға сауалнама жүргізу және оқыту нәтижелеріне мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асырылады.
28. Осы Ереженің сақталуына жобаны іске асыруға тартылған Академия қызметкерлері жауапты болады.

## 7. Қорытынды

29. Осы Ереже "Күміс университеті" жобасын ұйымдастыру және іске асыру тәртібін айқындайды.
30. Өзгерістер мен толықтырулар Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде енгізіледі.
31. Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

**Қосымша 1**

**Темірбек Жүргенов атындағы**
**Қазақ ұлттық өнер академиясының**
**ректоры __________________**

______________________________

__________________________________

(Т.А.Ә. толық жазылсын)

тұрғылықты мекенжайы: ________________________

_________________________________________________

Ұялы телефоны: _______________________________
Электрондық поштасы: _________________________

## ӨТІНІШ

Мені Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы жанындағы «Күміс университет» бағдарламасының тыңдаушысы ретінде «______________________________________________» тақырыбы бойынша оқуға қабылдауыңызды сұраймын.

Оқудың мақсаты: Қазақстан бейнелеу өнерінің стильдік ерекшеліктерін түсіну, туындыларды талдау, композицияны, түсті, пішінді дағдыларын меңгеру.

Қатысу ережелерімен және оқу кестесімен таныстым. ЖОО-ның ішкі тәртіп талаптарын сақтауға міндеттенемін.

«_____» _____________ 202__ ж.

Қолы _____________________

# КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

| **Әзірлеген:** | | |
|---|---|---|
| Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімінің басшысы | | Назимхан У.У. |
| **Келісілді:** | | |
| Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор | | Ергөбек Ш.Қ. |
| Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА базасында «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ ғылыми хатшысы | | Гизатова Г.А. |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бас әкімші | | Канатов С.Е. |
| Заң бөлімінің басшысы | | Тлегенова О.К. |
| Стратегиялық даму, талдау және тәуекелдерді бағалау бөлімінің басшысы | | Молдабаева А.Е. |

## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| № | Лауазымы | Қолы | Т.А.Ә. |
|---|---|---|---|
| 1 | Театр өнері факультетінің деканы | | Сарыбай М.Е. |
| 2 | Өнертану факультетінің деканы | | Маткерим Д.А. |
| 3 | Кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің деканы | | Байділда Б.Н. |
| 4 | Кино және ТВ факультетінің деканы | | Бакеева М.К. |
| 5 | Хореография факультетінің деканы | | Аухадиев И.Р. |
| 6 | Музыкалық өнер факультетінің деканы | | Алпысбаева В.Н. |
| 7 | Арт-менеджмент және продюсерлеу кафедрасының деканы | | Молдашева А.К. |